

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 862 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 805 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 862 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі туралы ережеде:

15-тармақта:

мынадай мазмұндағы 18-1), 18-2), 18-3), 18-4), 18-5), 18-6), 18-7), 18-8), 18-9), 18-10), 18-11), 18-12), 18-13), 18-14), 18-15), 18-16), 18-17), 18-18), 18-19), 18-20) және 18-21) тармақшалармен толықтырылсын:

18-1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

18-2) "электрондық үкімет" архитектурасын іске асыруды қамтамасыз ету;

18-3) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту;

18-4) платформалық бағдарламалық өнімдерді әзірлеу және орналастыру;

18-5) электрондық ақпараттық ресурстардың толықтырылуын жүзеге асыру, олардың анықтығы мен жаңартылып отырылуын қамтамасыз ету;

18-6) "электрондық үкіметті" дамытуға қатысу;

18-7) өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік органның қарауындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету;

18-8) ашық деректердің интернет-порталында қазақ және орыс тілдерінде ашық деректерді орналастыру;

18-9) "электрондық үкіметтің" архитектуралық порталында "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері техникалық құжаттамасын есепке алуды және жаңартып отыруды жүзеге асыру;

18-10) техникалық құжаттаманың қағаз жеткізгіштердегі түпнұсқаларын сақтауды қамтамасыз ету және оларды "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторына оның сұрау салуы бойынша ұсыну;

18-11) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту кезінде стандартты шешімдерді пайдалануды жүзеге асыру;

18-12) өз интернет-ресурстарында мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту жоспарлары мен нәтижелері туралы жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратты орналастыру;

18-13) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында интернет-ресурстарды орналастыру, сондай-ақ олардың анықтығын және жаңартылып отырылуын қамтамасыз ету;

18-14) ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

18-15) кәсіптік стандарттарды әзірлеу және бекіту кезінде тиісті қызмет салалары мамандарының цифрлық сауаттылық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілеу;

18-16) операторға "электрондық үкімет" веб-порталын ақпараттық толықтырып отыру үшін қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды беру;

18-17) өз құзыреті шегінде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне жататын объектілерді айқындау;

18-18) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарын қоспағанда, Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығының жұмыскерлерін, ақпараттандыру объектілеріне қолжетімділік бере отырып, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету;

18-19) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметін қоспағанда, операторға деректерді басқару талаптарына сәйкес деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарға қолжетімділік беру;

18-20) деректерді басқару талаптарына сәйкес деректерді "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасына беру;

18-21) "электрондық үкімет" архитектурасын іске асыруды, оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық инновациялық жүйенің "бірыңғай терезесін" дамытуға қатысу;"

мынадай мазмұндағы 30-1), 30-2), 30-3), 30-4), 30-5), 30-6), 30-7), 30-8), 30-9), 30-10), 30-11), 30-12), 30-13), 30-14) және 30-15) тармақшалармен толықтырылсын:

"30-1) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды, оған қолжетімділікті қамтамасыз ету;

30-2) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

30-3) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда хабардар болуын қамтамасыз ету;

- 30-4) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өтініштерін қарау;
- 30-5) көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды қолдану;
- 30-6) мемлекеттік қызметтер көрсету, мүгедектігі бар адамдармен қарым-қатынас жасау саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- 30-7) мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау қағидаларына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету реинжинирингін жүзеге асыру;
- 30-8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне жаңа мемлекеттік көрсетілетін қызмет енгізілгеннен кейін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны электрондық форматта көрсетуге ауыстыру бойынша шаралар қолдану;
- 30-9) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды жүргізу үшін ақпараттың, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері бойынша ақпараттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылуын қамтамасыз ету;
- 30-10) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру процесін бағалауды жүргізу үшін мемлекеттік қызметтер көрсету процесін автоматтандыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде беруді қамтамасыз ету;
- 30-11) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйелерге қолжетімділік беру;
- 30-12) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға беру;
- 30-13) өзінің аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін реттейтін заңнамасын сақтау жөніндегі қызметін үйлестіру;
- 30-14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылауды жүргізу;

30-15) көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді сақтауын қамтамасыз ету;" ;

73) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"73) республикалық маңызы бар қалаларда, астанада автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын келісу;" ;

79) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"79) республикалық маңызы бар қалаларды, астананы қоспағанда, автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;" ;

81) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"81) республикалық маңызы бар қалаларды, астананы және олардың агломерацияларын қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;" ;

165) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"165) автомобиль көлігімен (инватакси) мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;" ;

281) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"281) ішкі су жолдарын кеме қатынасы санатына жатқызу қағидаларын және кеме қатынасы су жолдарының тізбесін әзірлеу және бекіту;" ;

мынадай мазмұндағы 288-1), 288-2), 288-3), 288-4), 288-5), 288-6), 288-7), 288-8), 288-9), 288-10), 288-11), 288-12), 288-13), 288-14), 288-15), 288-16), 288-17), 288-18), 288-19), 288-20), 288-21), 288-22), 288-23) және 288-24) тармақшалармен толықтырылсын:

"288-1) облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбелерін келісу;

288-2) ақылы автомобиль жолын (жол учаскесін) пайдалануды тоқтата тұру туралы шешімді "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-3-бабының 2-тармағында көрсетілген мән-жайлар туындаған кезден бастап қабылдау;

288-3) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін келісу;

288-4) автомобиль жолдары және жол қызметі саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды;

288-5) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын мемлекеттік есепке алу;

288-6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жол саласын қаржыландыру көздері мен мөлшерін айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

288-7) автомобиль жолдарын дамыту және пайдалану бөлігінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасуға қатысу;

288-8) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарау, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау;

288-9) жол саласында инвестициялық және әлеуметтік саясатты іске асыру;

288-10) мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық операторды қаржыландыру;

288-11) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығының жұмыстары мен қызметтер көрсетуін қаржыландыру;

288-12) жобалау саласында қабылданған нормалар мен ұлттық стандарттардың, автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезінде талап етілетін сапаның сақталуын қамтамасыз ету;

288-13) автомобиль жолдарын дамытуды, сақтауды, жөндеуді және күтіп-ұстауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын жол қызметін басқару;

288-14) автомобиль жолдары саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды бекіту;

288-15) мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару талаптарына сәйкес, жалға алушы ретінде жалдау шартын, сондай-ақ сервистік агент ретінде сервистік агенттің қызмет көрсетуі шартын, сондай-ақ жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық автомобиль жолдарына немесе олардың учаскелеріне қатысты өзге де шарттарды жасасу;

288-16) республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында жол бойындағы сервис объектілерін дамытуды үйлестіру;

288-17) автомобиль жолдары саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту;

288-18) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын және ақылы автомобиль жолдарын (учаскелерін) жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру

288-19) халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жол инфрақұрылымының қауіпсіздігіне мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

288-20) автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамаға ведомстволық сараптама жасау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

288-21) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын дамытуды, реконструкциялауды және жөндеуді жоспарлау кезінде кейіннен байланыс саласындағы уәкілетті органның күтіп-ұстауына бере отырып, талшықты-оптикалық байланыс желілерін салуды келісу;

288-22) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен және төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, қысылтаяң жағдайларда (қолайсыз ауа райы-климат жағдайлары, дүлей зілзалалар, өрт, автомобиль жолдарының көтергіштік қабілетінің жойылуы), сондай-ақ жөндеу-құрылыс жұмыстары жүргізілген кезде тиісті жол белгілерін қойып және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бұл жөнінде жергілікті атқарушы органдарды және автомобиль жолдарын пайдаланушыларды хабардар ете отырып, көлік құралдарының жол жүрісін шектеу немесе тоқтату, автомобиль жолдарын пайдалану қағидаларының сақталуын бақылау;

288-23) жол саласы қызметкерлерінің біліктілігін міндетті арттыру жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

288-24) жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

мынадай мазмұндағы 428-13) тармақшамен толықтырылсын:

"428-13) тиісті мемлекеттік басқару саласында жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру үшін жауап беру, сондай-ақ жұмылдыру органдарының қызметкерлеріне олардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындауы үшін қажетті жағдайлар жасасу;"

мынадай мазмұндағы 429-1), 429-2), 429-3), 429-4), 429-5), 429-6), 429-7), 429-8), 429-9), 429-10), 429-11), 429-12), 429-13), 429-14) және 429-15) тармақшалармен толықтырылсын:

"429-1) қатынас жолдарын техникалық жабу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

429-2) Қорғаныс министрлігі пайдаланатын кірме жолдарды пайдалану, оларға қызмет көрсету, күтіп-ұстау, жөндеу және олардың құрылысын жоспарлау қағидаларын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп әзірлеу және бекіту;

429-3) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жұмылдыру тапсырысын орындауға қажетті тауарлардың тізбесін айқындау және көлемдерін есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

429-4) жұмылдыру резерві бөлігінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау көлемдерін қалыптастыру үшін тиісті салада жұмылдыру тапсырысын орындау үшін қажетті тауарлардың тізбесін айқындау және көлемдерін есептеу әдістемесіне сәйкес жұмылдыру тапсырысы бар ұйымдардың қажеттіліктеріне талдау жүргізу;

429-5) жұмылдыру резерві бөлігінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен оларды сақтау көлемдері бойынша мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізу;

429-6) аумақтық қорғанысты жоспарлауға қатысу;

429-7) аумақтық қорғаныс күштерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, аумақтық қорғаныс объектілері болған кезде оларды күзетуді және қорғауды ұйымдастыру;

429-8) эвакуациялық іс-шараларды жоспарлау және жүргізу;

429-9) жұмылдыру тапсырмасы негізде арнаулы құрылымдар құру және оларды материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету;

429-10) аумақтық қорғаныс объектілері болған кезде олардың инженерлік-техникалық нығайтылуы және диверсияға қарсы қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

429-11) Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы іс-шараларына, саланың жұмылдыру дайындығына, жұмылдыру мақсатындағы объектілерді, қорғаныс мұқтажына қажетті өнімдер әзірлеу, өндіру, шығару және жөндеу жөніндегі қуаттарды құруға, дамытуға және сақтауға қатысу және жұмылдыру резервтерінің толықтырылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қорғанысын жоспарлау қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын және оны іске асыру жөніндегі құжаттарды әзірлеуге қатысу;

429-12) саланы Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарына сәйкес іс-шараларды орындауға тікелей дайындауды ұйымдастыру, саланың соғыс уақытында орнықты жұмыс істеуі жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

429-13) арнаулы құралымдар құру және оларды материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету, сондай-ақ ведомстволық бағынысты объектілер болған кезде олардың инженерлік-техникалық нығайтылуы және диверсияға қарсы қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

429-14) азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастырып, жүргізу және ведомстволық бағынысты ұйымдардың оларды орындауын қамтамасыз ету;

429-15) республика халқын қорғанысқа даярлауға қатысу, Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 432-1), 432-2), 432-3), 432-4), 432-5), 432-6), 432-7), 432-8), 432-9) және 432-10) тармақшалармен толықтырылсын:

"432-1) құпияландырылуға тиісті мәліметтердің ведомстволық тізбесін әзірлеу;

432-2) мемлекеттік орган әзірлеген мемлекеттік құпиялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде ведомстволық бағынысты ұйымдарда да қорғалуын қамтамасыз ету;

432-3) мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді жария етудің немесе жоғалтудың салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның мөлшерін айқындау тәртібін әзірлеуге қатысу;

432-4) мемлекеттік органға басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар берген мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтердің, сондай-ақ мемлекеттік орган құпияландырған мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз ету;

432-5) мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді пайдалану арқылы жұмыс жүргізуге белгіленген тәртіппен рұқсаттар алу;

432-6) мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді қорғау құралдарына сертификаттар алу;

432-7) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі жұмыстарды материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуге қатысу;

432-8) айрықша режимді, режимді және ерекше қорғалатын объектілердің санаттарын және оларды уақтылы қайта қарауды айқындау;

432-9) мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтер алуға рұқсат етілетін азаматтарға қатысты тексеру шараларын жүргізуді өз құзыреті шегінде қамтамасыз ету;

432-10) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау саласындағы басқа да мәселелерді шешу;"

434) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"434) меншік нысандарына қарамастан, жол секторының жұмыс істеу тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, сондай-ақ жол қызметіндегі ұлттық стандарттарды, халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу мен реконструкциялау жөніндегі және облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, сондай-ақ күрделі және орташа жөндеу жөніндегі жобалардың басымдығы критерийлерін әзірлеу;"

мынадай мазмұндағы 445-1), 445-2), 445-3), 445-4), 445-5), 445-6), 445-7), 445-8), 445-9), 445-10) және 445-11) тармақшалармен толықтырылсын:

"445-1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет саласында ұсыныстар әзірлеуге және мемлекеттік саясатты, ғылым және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы ғылыми-технологиялық саясатты іске асыруға, тиісті салада ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіруге қатысу;

445-2) тиісті салада іргелі және (немесе) қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын қалыптастыруға қатысу;

445-3) ғылыми-техникалық кеңесті құру және оның ережесін бекіту;

445-4) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастыру және олардың тиісті салада іске асырылуын жүзеге асыру;

445-5) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, тиісті салада орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жөніндегі есептерді бекіту;

445-6) ұлттық ғылыми кеңестердің құрамдарына қосу үшін кандидатуралар бойынша ұсыныстарды ғылым саласындағы уәкілетті органға енгізу;

445-7) базалық қаржыландыру субъектілері мен іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың тізбелерін қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды ғылым саласындағы уәкілетті органға енгізу;

445-8) ғылымды қаржыландыру қағидаларын әзірлеуге қатысу;

445-9) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларының іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру;

445-10) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеуге қатысу;

445-11) ұлттық ғылыми кеңестер туралы ережені әзірлеуге қатысу;"

2. Осы қаулы:

1) 2025 жылғы 31 тамыздан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың қырық сегізінші, қырық тоғызыншы, жетпіс бесінші, жетпіс алтыншы, сексен бесінші, сексен алтыншы, сексен жетінші, сексен сегізінші, сексен тоғызыншы, тоқсаныншы, тоқсан екінші абзацтарын;

2) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың сексен екінші, сексен үшінші, сексен төртінші абзацтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов